

Исатай ауданы бойынша аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы

Атырау облысы Исатай аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 10 қаңтардағы № 2 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 31 қаңтарда № 2849 тіркелді

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37-баптарына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 3, 13-баптарына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Исатай ауданы бойынша аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Қуанышкереевке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Атырау облысы Жолаушылар

көлігі және автомобиль жолдары

басқармасының басшысы

2013 жылғы 29 желтоқсан

Н. Ожаев

А. Такешев

Аудан әкімдігінің 2014 жылғы 10 қаңтардағы № 2 қаулысына қосымша

Исатай ауданы бойынша аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 17.01.2024 № 1 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Автомобиль жолдарының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Жалпы ұзындығы (шақырым)
1	KE-IS-1	"Аққыстау-Марташи" жол	12,0
2	KE-IS-2	Х.Ерғалиев ауылына кірме жол	1,0

3	KE-IS-3	Жанбай ауылына кірме жол	3,3
4	KE-IS-4	Исатай ауылына кірме жол	7,0
5	KE-IS-5	Өркен ауылына кірме жол	3,0
6	KE-IS-6	Зинеден ауылына кірме жол	2,0
7	KE-IS-7	Амангелді елді мекеніне кірме жол	4,0
8	KE-IS-8	Нарын ауылына кірме жол	6,7
9	KE-IS-9	Жасқайрат елді мекеніне кірме жол	40,0
10	KE-IS-10	Қызылүй елді мекеніне кірме жол	40,0
	Барлығы:		119,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК